

## **"Ақбақай тау-кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қазан N 1241. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1997.10.09. N 1429 қаулысымен. ~P971429

1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік меншікті жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес, кәсіпорынды қаржылай сауықтыру, инвестициялар тарту және шикізат базасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен:

"Ақбақай тау-кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін тендерде сату үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне берсін;

"Алтыналмас" акционерлік компаниясының мемлекеттік кәсіпорындарды және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін басқару туралы" N 20/95 шартына тиісті өзгерту енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті заңда белгіленген тәртіппен "Ақбақай тау-кен байыту комбинаты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын.

3. "Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері" туралы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы 1995 ж., N 18, 200-құжат) Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 17 мамырдағы N 704 қаулысына мынадай өзгерту енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасынан:

"Ақбақай ТБК АҚ, Жамбыл облысы" сөздері алынып тасталсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Г.Г. Штойкке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

